



ТІЛ – ИНСТИНКТ

Тіл мен сөйлеу диалектикасы





Бұл дәрісте біз «Тіл – бұл адам түйсігі екендігінің куәсі: тілдік универсиалийлерден бастап «гуілдеген» сәбилерге дейін» дейтін тақырып аясында Стивен Пинкердің «Тіл – инстинкт» тұжырымдамасын айқындайтын фактілерге тоқталамыз. Дәріс келесі жоспарлы мәселелерді қамтып отыр:

- Майкл Лидің күнделігіндегі – «былдырласу» тілі;
- Ағылшын тілінің стандартталмаған диалектілері;
- Тілдік түйсік.

1920 жылдардың басына қарай жер бетінде өмір сүруге жарамды зерттелмеген жер жоқ деп саналды. Көлемі жағынан әлемдегі екінші арал болып саналатын Жаңа Гвинея да сол қатарға кірді. Жаңа Гвинея (индонезия тілінде Papua, ағылш. New Guinea) – Тынық мұхиттың батысындағы арал. Аралдың тұрғылықты халқы – папуастар мен меланезиялықтар.

Еуропалық миссионерлер, плантаторлар мен басқарушылар аралдың орталық бөлігі арқылы жалпақ тізбек түзіп созылып жатқан қаһарлы таулардың арасында ешкім тұра алмайтынына сенімді болғандықтан тек жағалаудағы жазықтарға ғана қоныстанды. Алайда таулар бергі немесе арғы жағынан қарағанда негізінде бір емес екі тау тізбегінен тұрады. Тас ғасыры мәдениеті тұсында өмір сүрген миллионға жуық адам осы үстіртті мекен еткен еді. Егер басты өзендердің бірінің саласынан алтын кені ашылмағанда оларды бүркемелеп тұрған белгісіздік шымылдығы да түрілмеген болар еді. Бірден басталған алтын дүрлікпесі аустралиялық шытырман оқиғаларды, қатерлі істерді іздеп жүретін Майкл Лидіңде назарын аударып, 1930 жылдың 26 мамырында содыр жолдасы мен тасушы ретінде жалданған бір топ жергілікті адамдарды ертіп, тауға экспедицияға шықты. Олар биікке көтерілгеннен кейін Ли алдарында жатқан шалғынды алқапты көрді. Түнге қарай оның таңданысы үрейге ұласты, өйткені үстіртті мекендеушілердің бар екендігінің айқын белгісі ретінде алыстан оттар байқалды. Ұйқысыз түннен кейін Ли мен оның жолдастары қаруларын оқтап, арзанқол бомба жасап жатқанда олардың тау тұрғындарымен бірінші кездесуі де болды. Екі жақтың да таңданысы бірдей болды. Ли өзінің күнделігіне былай деп жазыпты:

«Жергілікті тұрғындарды көргенде біз тынысымыз кеңіп, жеңіл дем алғандай болдық; алдында... садақ-жебемен қаруланған еркектер, соңында әйелдер, олар қант құрағының сабақтарын алып бара жатты. Ивунга әйелдерді көргенде маған бірден соғыстың болмайтынын айтты. Олар жақындауы үшін біз қол бұлғадық, олар да сақтықпен солай істеп, бізді көрмек болып әр ярд сайын тоқтап қарады. Ақырында олардың кейбіреулері бізге жақындауға батылы жетіп, біздің түріміздің оларды қатты таңғалдырғанын көрдік. Мен қалпағымды шешкенде маған жақындау тұрғаны шошына қарады. Әйелдер мен балалар да біртіндеп өжеттік танытып жақындай бастады да, лезде біздің лагерьге бұл адамдар қаптап кетті; олардың бәрі ары-бері жүгіріп, барлығы бірден былдырласып, өздеріне таныс емес нәрселерді түгелдей түрткілеп кетті».

Бұл «былдырласу» – белгісіз тіл еді, кейіннен 1960 жылдарға қарай ашылған оқшау тұратын тау халықтарының сегіз жүз түрлі тілінің бірі болатын. Адамзат тарихында бір халықпен екінші халық кездескенде Ли сипаттаған жергілікті халықпен алғашқы жүздесудің, осындай жүздеген көріністері қайтalandы. Біз осы халықтардың барлығының сол кезде-ақ тілі болғанын айта аламыз. Басқа жағдайларда да Лидің жаңа таныстарының тілі жай ғана былдыр емес, дерексіз ұғымдарды, көрінбейтін нәрселер мен күрделі пайымдаулар тізбегін жеткізуге көмектесетін құрал болатын. Таулықтар оларға келген ақжүзді жаратылыс иелерінің табиғатын түсінуге тырысып жатты.

Күрделі ұйымдасқан тілдердің кеңінен қолданылатындығы жаңалық ретінде ашылуы лингвистерді қасиетті қазынамен толықтырып, тіл тек мәдениет өнімінің бірі ғана түрі дегенге күмәнмен қарай отырып, сонымен қатар, оны адамның айрықша түйсігінің көрінісі деп тануға бірінші себеп болды.

Мәдениет өнімдері күрделілік деңгейі бойынша өздері тиесілі қоғамына қарай бірнеше нұсқада жұмсалады. Алайда қоғамның өз ішінде жасалған нәрсенің бәрі әдетте сол бір күрделілік деңгейінде орналасады. Кейбір адам қауымдастықтарында сүйектерге кертік таңбалар жасау арқылы санап, таяқшаларды бір-біріне үйкелеу арқылы от тұтатып тамақ дайындайды; басқаларда – ол үшін компьютерлер мен қысқатолқынды пештерді пайдаланады. Соған



қарамастан, тіл мұндай арасалмақты бұзады. Тас ғасыры деңгейіндегі қауымдастық болады, бірақ тас ғасыры деңгейіндегі тіл деген ұғым болмайды. Ертеректе біздің жүзжылдығымызда лингвист-антрополог Эдвард Сепир былай деп жазды: «Іс тілдік формаларға тірелгенде, Платон македондық шошқашымен қол ұстасып өзенге, ал Конфуций – жабайы адаммен және Ассамнан бас алуға аңшымен барады».

Лингвист Джоан Бреснан жақында Танзаниядағы Килиманджаро тауының беткейіндегі бірнеше аймақта ғана сөйлейтін банту тобына жататын кивунджо тілінің сөз тіркестерін «Англия мен оның бұрынғы отарларында сөйлейтін батыс германия тобы» деп сипаттайтын ағылшын тіліндегі соған ұқсас сөз тіркесімен салыстырған арнайы мақала жазды. Ағылшындық сөз тіркесі «барыс септік» деп аталады, оны 'маған' және her 'оған' сияқты әрекеттің кімге/неге бағытталғанын көрсететін жанама толықтауыш етістіктен кейін тұратын және кейбір сөйлемдерде She baked me a brownie 'Ол маған шоколадты бәліш [тәтті нан] пісіріп берді' немесе He promised her Arpege 'Ол оған рояльде ойнап беремін деп уәде берді' үлгісімен құрылған сөйлемдерден кездестіруге болады.

Кивунджо тілінде «аппликатив» деп аталатын осындай құрылымның ағылшын тіліндегі барыс септігіне ұқсастығын «шахмат пен дойбының ұқсастығындай» деп сипаттайды. Лингвист үшін «род» термині бір түбірлі «нәсіл» және «халық» сөздері сияқты өзінің о бастағы «түр» мағынасын сақтайды.

Жабайы халықтар аталып жүргендердің грамматикаларындағы мен байқаған қызықты тілдік құралдар арасынан черокилердегі есімдіктердің күрделі жүйесі айрықша қолайлы болып көрінді. Онда жай ғана ағылшын тілінде өмірдің барлық жағдайларда арналып we 'біз' есімдігі арқылы жинақталып беріле салынған «сен және мен», «басқа адам және мен», «бірнеше басқа адам және мен», «сіз, бір немесе бірнеше басқа адамдар және мен» арасы ажыратылып беріледі. Шындығына келгенде, тілдік қабілеттері еш бағаланбайтын адамдар біздің тілдік қауымдастығымызға кіреді. Лингвистер жұмысшы табының немесе орта таптың білімі төмен қабатының өкілдері өте қарабайыр немесе дөрекі тілде сөйлейді деген мифпен үнемі бетпе-бет келеді. Бұл – диалог жүргізуге жасалған сәтсіз ұмтылыстардан туындайтын қатерлі адасу.

Күнделікті сөйлеу тілі, әлемді өз түсінде көру немесе жүру сияқты тамаша жұмыс істейтін, тұтынушы басқару панелінің арғы жағында жасырынып тұрған күрделі тетік туралы түсінігі де болмастан, оның нәтижесін солай болуы тиіс деп қабылдайтын таза техникалық жетістіктер жиынтығы – технология болып табылады.

Where did he go? 'Ол қайда кетті?' деген сияқты кез келген ағылшын тілін тұтынушы автоматты түрде қолдана беретін «қарапайым» сөйлемдердің артында ойды жеткізу үшін сөздерді ұйымдастыратын ондаған жасырын бағдарламалар тұр. Бірнеше онжылдықтар бойы жасалған ұмтылыстарға қарамастан, бірде-бір жасанды тілдік жүйе көшедегі кез келген адаммен жақын теңесе алмайды. Алайда тілдік механизм сөйлеушіге көрінбей тұрғанына қарамастан оның әдемі орауышы мен жарқыраған қабығын қызғана қадағалап отырады.

Бір тілде сөйлейтін көпшіліктің диалектісі мен басқа тобының арасындағы айырмашылық үлкен емес. Мысалы, isn't any и ain't no, those books и them books, dragged him away и drug him away^, мен тамақ жеймін және мен тамақ ішемін, салу және қою, ақылды және парасатты «нағыз грамматика» белгілерінің білгірі құрметті атағын алады. Алайда Америка Құрама Штаттарының кейбір аймақтарында белгілі жәндік иелікті dragonfly сөзбе-сөз аудармасы 'айдаһар-шыбын', ал басқа аудандарында – darnig needle 'жамауға арналған жіп' немесе ағылшын тілінде сөйлейтіндер ит тұқымдасына жататын жануарларды dogs, ал французша сөйлейтіндер оларды chiens деп атайтыны тәрізді олардың грамматиканың нәзік қырларына қатысы шамалы.

Стандартты ағылшынды тіл деп, ал аталған нұсқаларды – диалект деп атау фактісінің өзі олардың арасында елеулі айырмашылық бар деген қате түсінік туғызуы мүмкін. Бұған ең жақсы анықтаманы лингвист Макс Вайнрайх береді: тіл – әскері мен флоты бар диалект.

Ағылшын тілінің стандартталмаған диалектілері грамматикалық тұрғыдан тиімсіз деп табылды. 1960-жылдары бір топ мектеп психологтары қара түсті америкалықтардың балалары мәдениеттен шет қалғаны соншалық, олар нағыз тілден айырылып, оның орнына «сөйлеу мінез-құлқының қисынсыз үлгісімен» шектеліп отыр деп жариялады. Психологтар өздерінің тұжырымдарын оқушылардың үстемелетіп тоқтаусыз берілген стандартты тест сұрақтарына



жауап қайтаруы кезінде көрсеткен ұяңдығы мен тұйықтығын қадағалай отырып жасаған. Егер осы психологтар сынаққа алынушылардың дайындықсыз бірден сөйлеуін тыңдағанда, олар қара түсті америкалықтардың сөйлеу мәдениеті барлық жерде сөз қорының алуан түрлілігімен, ал көше жасөспірімдерінің субмәдениеті, соның ішінде антропологтар арасында тілді аса шебер пайдалана алатындығымен ерекшеленеді. Міне, Гарлемдегі бір үйдің кіреберісінде лингвист Уильям Лабов алған сұхбаттан мысал. Сұрақтарға жастардың «Қозғалтқыштар» атты бандасының ең жанкешті белсенді мүшесі Ларри жауап берді. Лабов өзінің ғылыми мақаласында «осы материалды оқығандардың көпшілігінің Ларримен бірінші кездесуі екі жаққа да өте жағымсыз әсер қалдырар еді» деп жазады. Сонымен сұхбаттың мазмұны:

«Білесің бе, әртүрлі адамдар егер иненің жасуындай жақсылығың болса, жұмаққа барасың, ...ал егер сен жаман болсаң, жаның тозаққа барады дейді. Мұның бәрі бос сөз! Жақсы болсаң да, жаман болсаң да сенің жаның бәрібір тозаққа барады.

Неге? Мен айтайын саған, неге екенін. Өйткені, білесің бе, шындығында, Құдай бар ма, жоқ па барлығы оны түсіне бермейді, түсінесің бе, менің айтқым келетіні, мен қара құдайды да, ақ құдайды да, барлық түсті құдайларды көрдім, ешкім де Құдайдың бар-жоғын білмейді. Сені қыспаққа алған кезде жақсы болсаң, жұмаққа барасың деудің бәрі бос сөз. Өйткені сен ешқандай да жұмаққа бармайсың, өйткені жұмақ деген мүлде жоқ.

Құдай бар деп ойласақ? – ... Ол ақ па, қара ма бәрі бір. Мейлі, ақ дейік. Неге?

Неге? Мен саған айтайын, неге екенін. Өйткені ақтарда негізінен бәрі бар, ұқтың ба? Ал негрлерде – түк те жоқ, түсінікті ме? Сөз ұғасың ба, сен өзі? Жә, жә... осындайға дейін жету үшін, түсінесің бе, ешбір қара Құдай мұндай былықты істемес еді».

Сонымен, осы диалогтан тілдің әсемдігін, сөйлеуші ойлауының жақсы логикасын байқауға болады.

Лингвист Уильям Лабовтың келесі бір зерттеу жобасында әртүрлі әлеуметтік топ өкілдерінің қарым-қатынастың түрлі жағдайлардағы магнитофонға жазылған сөздеріндегі грамматикалық тұрғыдан дұрыс құрылған сөйлемдерінің пайыздық арақатынасын зерттеуге арналған. «Грамматикалық» тұрғы осы зерттеуде «осы диалектіде сөйлейтіндер қабылдаған нормаға сәйкес дұрыс құрылған» дегенді білдірді. «Мысалы, егер сөйлеуші сұрақ қойса: Where are you going? 'Сіз қайда барасыз?', жауап берушіге: To the store 'дүкенге' – деген жауап үшін кейбір мағынада толық айтылмаған сөйлем арқылы берген жауабы үшін мін тағылмайды. Мұндай глиптикалық сөз тіркестері, ағылшын сөйлеу тілі грамматикасының бөлігі; баламалы айтылымы: I am going to the store 'Мен дүкенге бара жатырмын' тым лепірме болып естілетіндіктен еш жерде қолданылмайды. «Грамматикалық емес» сөйлемдерге бұл анықтама бойынша сөйлемнің қалауына қарай жұлып алынған үзінділер, мүкіс тілмен міңгірлеу, жаңылысу және басқа да сөз үлгілерінің қойыртпақтары кіреді.

Лабов зерттеулерінің нәтижелері көп жайттардың басын аша түседі. Сөйлемдердің басым көпшілігі, әсіресе, күнделікті сөйлеу тіліндегі орта тап тіліндегіден гөрі, жұмысшы табының сөйлеу тіліндегі сөйлемдер грамматикалық болған. Грамматикалық емес сөйлемдердің ең жоғарғы пайызы конференция мен симпозиумда, т.б. сол сияқты ғылыми іс-шараларда.

Күрделі ұйымдасқан тілдің адамзат ортасына жаппай таралуы елең еткізерлік қызықты жаңалық, ал көп зерттеушілер үшін, тілдің туа бітті қабілет екендігінің нанымды дәлелі болды. Бірақ философ Хилари Патнэм сияқты бәріне сенімсіздікпен қарайтын көптеген адамдар үшін бұл мүлде дәлел емес. Әмбебап нәрсенің бәрі туғаннан берілмейді. Алдыңғы онжылдықтарда саяхатшылардың тілі жоқ бірде-бір тайпаны кездестірмегені сияқты, біздің уақытта антропологтарға бейнемагнитофондар, кока-кола мен Барт Симпсон 4 бейнеленген футболкалар жетпеген адамды іздеп табу қиын. Тіл – адамзат қауымдастығының кез келген күнделікті тіршілігіндегі: тамақ пен баспана дайындаудағы, махаббатты білдірудегі, пікірталастағы, саудадағы, оқудағы қажетті құралы.

Ендеше «Тіл – инстинкт» еңбегінің авторы Стивен Пинкер өзінің бар тәжірибесіне сүйеніп, «тіл – бұл адамзатқа тиісті тектік қабілет па, не болмаса тілдік түйсіктің шынайылығы екенін анықтауды қажет көріп отыр. Оның пайымдауынша, адамзатының сөйлеу қабілеттінің негізінде грамматикалық ген жатыр. Мұндай тұжырымды ғалым балалар тілінің дамуын зерттеу арқылы жасап отыр. Осы ойдың нақты аргументы – ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан тілге үйрету процесі емес, адам тілін меңгеруге қажетті болып отыр. Өздерінің даму процесінде балалар шын мәнінде дүниеге келген соң тілді ойлап шығарады.